

Импорты мен экспорты лицензияланатын тауарлардың тізбесін біріздендіре отырып, тауарлардың импорты мен экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережесі туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 407 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Импорты мен экспорты лицензияланатын тауарлардың тізбесін біріздендіре отырып, тауарлардың импорты мен экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережесі туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Импорты мен экспорты лицензияланатын тауарлардың тізбесін біріздендіре отырып, тауарлардың импорты мен экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережесі туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Импорты мен экспорты лицензияланатын тауарлардың тізбесін біріздендіре отырып, тауарлардың импорты мен экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережелері туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері келісілген сыртқы сауда саясатын кемсітпеушілік, жариялылық және өзара пайда қағидаттарында жүргізуге ұмтыла отырып,

халықаралық сауданың жалпы танылған нормалары мен ережелерін басшылыққа ала отырып,

мына төмендегі туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мұнда пайдаланылатын терминдердің мынадай мағыналары бар:

"автоматты лицензиялау (қадағалау)" - лицензия (рұқсат) беру арқылы тауарлардың жекелеген түрлерінің импортының және (немесе) экспортының мониторингі (серпіні) мақсатында белгіленген уақытша шара;

"сыртқы сауда қызметі" - тауарлармен, қызметтермен, ақпаратпен және зияткерлік меншікпен сыртқы сауда саласындағы мәмілелерді жүзеге асыру жөніндегі қызмет;

"бас лицензия" - Тараптың шешімі негізінде сыртқы сауда қызметінің

қатысушысына берілетін және лицензияда белгіленген санда лицензияланатын тауардың жекелеген түрінің импортына немесе экспортына құқық беретін лицензия;

"тауарлардың бірыңғай тізбесі" - Тараптармен келісім бойынша Комиссия бекіткен және Біртұтас экономикалық кеңістіктің (бұдан әрі - БЭК) аумағында қолданылатын импорттың және (немесе) экспорттың лицензиялануына жататын тауарлардың номенклатурасы;

"тауарлар импорты" - кері әкету туралы міндеттемесіз Тарап мемлекетінің кеден аумағына тауарлар әкелу;

"айрықша лицензия" - жекелеген тауар түрінің импортына немесе экспортына айрықша құқық беретін лицензия;

"Комиссия" - БЭК комиссиясы;

"лицензия (рұқсат)" - тауарлардың жекелеген түрлерінің импортын және (немесе) экспортын жүзеге асыру құқығына арналған арнайы құжат;

"тауарлардың импорты мен экспортын лицензиялау (автоматты емес лицензиялау)" - Тарап мемлекетінің уәкілетті органы тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына немесе экспортына рұқсат беретін құжатты (лицензияны) беруі нысанында жүзеге асыратын сыртқы сауда операцияларын реттеудің әкімшілік рәсімі;

"бір жолғы лицензия" - мәні лицензияланатын тауар болып табылатын сыртқы сауда мәмілесінің негізінде сыртқы сауда қызметінің қатысушысына берілетін және белгілі санда осы тауардың импортына немесе экспортына құқық беретін лицензия;

"тауар" - кез келген жылжымалы мүлік (энергияның барлық түрлерін қоса алғанда) және жылжымайтын мүлікке жатқызылған әуе, теңіз кемелері, ішкі жүзу және аралас жүзу (өзен - теңіз) кемелері мен сыртқы сауда қызметінің мәні болып табылатын ғарыш объектілері; халықаралық тасымалдау туралы шарт бойынша пайдаланылатын көлік құралдары тауар болып табылмайды;

"сыртқы сауда қызметіне қатысушылар" - Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, Тарап мемлекетінің азаматтары болып табылатын Тарап мемлекетінің аумағында тұрақты немесе басымдықты тұрғылықты жері бар немесе Тарап мемлекетінде тұрақты тұруға құқығы бар не Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жеке кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар;

"тауарлар экспорты" - кері әкелу туралы міндеттемесіз Тарап мемлекетінің кеден аумағынан тауарларды әкету.

2-бап

Осы Келісім Тауарлардың импортын және (немесе) экспортын лицензиялаудың бірыңғай ережесін айқындайды.

Осы Келісімнің қолданылуы экспорттық бақылауға жататын тауарлардың, экспортына және (немесе) импортына, қару-жарақ пен әскери техниканың, сондай-ақ

әскери мақсаттағы өзге де өнімнің экспорты мен импортына таралмайды.

Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтары Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес айқындалады.

3-бап

Тараптар сыртқы сауда қызметіне қатысушылар үшін тең жағдай жасауда көрініс беретін тауарлардың импорты мен экспортын лицензиялаудың кемсітпеушілік рәсімін қамтамасыз етеді.

4-бап

1. Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортын және (немесе) экспортын автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) мынадай қағидаттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

лицензия (рұқсат) алу рәсімі тауарлардың экспортын және (немесе) импортын шектемеу үшін барынша оңайлатылуға тиіс;

лицензия (рұқсат) импортына және (немесе) экспортына квоталар немесе басқа да шектеулер белгіленбеген тауарларды қоспағанда, Тарап мемлекетінің уәкілетті органына (бұдан әрі - уәкілетті орган) берілген жазбаша жүгінімдері негізінде сыртқы сауда қызметінің кез келген қатысушыларына шектеусіз беріледі;

лицензия (рұқсат) беру туралы жүгінім тауарларды кедендік ресімдеуге дейін кез келген жұмыс күнінде берілуі мүмкін.

2. Автоматты лицензиялау (қадағалау) уәкілетті органның тауарлардың импортына және (немесе) экспортына лицензия (рұқсат) беру жолымен жүзеге асырылады.

Лицензия (рұқсат) оларға қатысты автоматты лицензиялау (қадағалау) енгізілген тауардың жекелеген түріне тауардың саны мен құнын, сондай-ақ сыртқы сауда қызметіне қатысушылар туралы мәліметтерді көрсете отырып, арнайы, қолдан жасаудан қорғалған қағазда дайындалған бланкіде ресімделеді.

Тауарлардың импортына және (немесе) экспортына лицензия (рұқсат) беру тәртібін, сондай-ақ лицензия (рұқсат) алу үшін қажетті құжаттардың тізбесін уәкілетті орган Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес белгілейді.

Берілген лицензияға (рұқсатқа) өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Лицензия (рұқсат) өтінім берілген күннен бастап 10 жұмыс күніне дейінгі мерзімде берілуге тиіс.

Сыртқы сауда қызметіне қатысушыға лицензияның (рұқсаттың) түпнұсқасы беріледі.

Берілген лицензия (рұқсат) басқа адамға берілмейді және лицензия (рұқсат) иесінде сақталады.

5-бап

1. Тауарлардың импортын және (немесе) экспортын лицензиялау (автоматты емес лицензиялау) мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына және (немесе) экспортына уақытша

сандық және басқа да шектеулер енгізу;

мемлекеттің қауіпсіздігіне, адамдардың өміріне немесе денсаулығына, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік немесе муниципалдық мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіне немесе саулығына қолайсыз әсер етуі мүмкін тауарлардың импортына және (немесе) экспортына рұқсат беру тәртібін белгілеу;

егер бұл Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген болса, тауарлардың импортына және (немесе) экспортына айрықша құқық беру;

Тараптар мемлекеттерінің халықаралық міндеттемелерін орындау.

Тауарлардың жекелеген түрлерінің импорты және (немесе) экспорты уәкілетті орган беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Тараптар мемлекетінің заңнамасында белгіленген талаптарды орындайтын сыртқы сауда қызметіне қатысушылар лицензия беру туралы өтінішпен жүгінудің және мұндай өтінішті қараудың тең құқықтарына ие.

2. Егер Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында өзгеше көзделмесе, тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына және (немесе) экспортына бір жолғы, бас және айрықша лицензиялар ресімделуі мүмкін.

Егер Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында өзгеше көзделмесе, бір жолғы лицензияның қолданылу ол берілген күннен бастап бір жылдан аспауға тиіс, ал оларға қатысты сандық шектеулер енгізілген тауарлар үшін ағымдағы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанында аяқталады.

Егер Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында өзгеше көзделмесе, бас лицензияның қолдан мерзімі ол берілген күннен бастап бір жылдан аспауға тиіс, ал оларға қатысты сандық шектеулер енгізілген тауарлар үшін ағымдағы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанында аяқталады.

3. Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына және (немесе) экспортына айрықша құқық берілген сыртқы сауда қызметінің қатысушылары, сондай-ақ тауарлардың өздері Тарап мемлекетінің заңнамасымен айқындалады.

4. Тауарлардың импортына және (немесе) экспортына лицензия (рұқсат) беру тәртібін, сондай-ақ лицензия (рұқсат) алу үшін қажет құжаттардың тізбесін Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

5. Егер Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында өзгеше көзделмесе, лицензия беру немесе лицензия беруден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган сыртқы сауда қызметінің қатысушысы берген құжаттарды зерделеу негізінде құжаттар берілген күннен бастап 30 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде қабылдайды.

6. Заңды тұлға ретінде тіркелген сыртқы сауда қызметіне қатысушының құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілген (ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы не оның орналасқан орны өзгерген) немесе жеке тұлға болып табылатын сыртқы сауда қызметіне қатысушының паспорттық және (немесе) өзге деректері өзгерген жағдайда

лицензиат 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей көрсетілген өзгерістерді растайтын жаңа өтініш пен құжаттары қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеуге өтінішпен жүгінуге тиіс.

Лицензияны қайта ресімдеу туралы шешім сыртқы сауда қызметіне қатысушының құжаттары тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күніне дейінгі мерзімде қабылданады.

7. Берілген лицензияға өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

8. Сыртқы сауда қызметіне қатысушыға лицензия беруден мынадай жағдайларда бас тартылуы мүмкін:

берілген құжаттарда дұрыс емес ақпараттың болуы;
квотаның таусылуы (квоталанатын тауарларға лицензия ресімделетін жағдайда).

Лицензия беруден бас тарту туралы шешім уәжді негіздемені қамтуға және мүдделі сыртқы сауда қызметіне қатысушыға жазбаша нысанда берілуге тиіс.

9. Лицензияның қолдануын тоқтата тұру немесе оны жою туралы шешімді уәкілетті орган мынадай жағдайларда қабылдайды:

лицензиаттың тиісті жүгінімді ұсынуы;
лицензия алу үшін дұрыс емес мәліметтерді немесе деректерді беру;
лицензияны жоғалту;

егер қызметтің мұндай түрі тауардың импортымен және (немесе) экспортымен байланысты болса, қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыруға арналған лицензияны кері қайтарып алу.

10. Лицензияның қолдануын тоқтата тұру немесе оны жою туралы шешімді уәкілетті орган ол қабылданғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда мұндай шешім қабылдауға әкеп соққан себептерді көрсете отырып, лицензиатқа және кеден органдарына жібереді.

Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған себептер жойылғаннан кейін лицензия қайта жаңартылады. Уәкілетті орган тиісті шешім қабылдағаннан кейін лицензияның күші жаңартылған болып саналады, бұл үш жұмыс күні ішінде лицензиатқа және кеден органдарына жіберіледі.

11. Лицензия заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайды қоса алғанда, басқа тұлғаға берілмейді және лицензиатта сақталады.

12. Лицензия лицензияланатын тауарларды кедендік ресімдеу өндірісі үшін қажетті құжаттардың бірі болып табылады.

Лицензияның түпнұсқасы және оның лицензиат куәландырған көшірмесі тауарды кедендік ресімдеу кезінде кеден органына беріледі және лицензияланатын тауарды Тараптар мемлекетінің кедендік шекарасынан өткізу үшін негіз болып табылады.

6-бап

Тараптардың әрқайсысы ұлттық ресми басылымдарда лицензиялау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жариялайды.

Лицензиялау рәсімін белгілейтін немесе бұл рәсімге өзгерістер енгізетін Тарап

ұлттық ресми басылымдарда жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде бұл туралы басқа Тараптарды және Комиссияны хабардар етеді.

7-бап

1. Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Комиссияға импорты және (немесе) экспорты лицензияланатын тауарлардың тізбесін және оларды біріздендіру жөніндегі ұсыныстарды жібереді.

2. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде Комиссия Тараптармен келісім бойынша тауарлардың бірыңғай тізбесін қалыптастырады.

3. Тараптар жылына кемінде екі рет Комиссияға бірыңғай тізбеге, әдетте оны қысқарту жолымен өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар жібереді.

8-бап

Тараптар арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда тараптардың кез келгені дауды БЭК шеңберінде дауларды шешу жөніндегі органға шешуге бере алады.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

10-бап

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін кез келген мемлекет осы Келісімнің қатысушысы бола алады. Осы Келісімге қосылу шарттары Тараптар мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын келісімде айқындалады.

11-бап

Осы Келісім қажетті мемлекетшілік рәсімдер өткізілгеннен кейін _____ 200__ жылғы "____" _____ қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену тәртібі туралы хаттамада көзделген тәртіппен күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Кез келген Тарап осы Келісімге қатысуын Депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып тоқтата алады. Мұндай Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы Депозитарий жазбаша хабарлама алған күнінен бастап 12 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Осы Келісімге сәйкес алынған ақпаратты қорғау жөніндегі міндеттемелер оның қолданылуының тоқтатылғанына немесе одан қандай да бір Тараптың шыққанына қарамастан күшінде қалады.

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің 4-бабына сәйкес бірыңғай реттеуші орган құрылған және оған өкілеттіктер берілген сәтке дейін Қазақстан Республикасы осы Келісімнің депозитарийі болып

т а б ы л а д ы .

Егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, Тараптардың біреуі осы Келісімнен шыққан жағдайда ол осы Тарап үшін осы Келісімнің қолданылу кезеңінде туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді осы Тарап толық реттегенге дейін қолданылуын жалғастырады.

200__ жылғы " __ " _____ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады, ол Тараптардың әрқайсысына куәландырылған көшірмені жібереді.

Үкіметі үшін

Б е л а р у с ь Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң

Кабинеті үшін

У к р а и н а н ы ң М и н и с т р л е р